«Қазақстандағы Халықаралық суды бағалау орталығының қызметін қамтамасыз ету»		
Бағдарлама: *254 «Су ресурстарын тиімді басқару»*	Жұмыстың толық құны:	133 878 051,78 тг.
Кіші бағдарлама: *105 «Трансшекаралық суды тиімді пайдалану және қорғау, су қарым-қатынастарын реттеу мәселелері жөнінде шектес мемлекеттермен ынтымақтастықты ұйымдастыру»*	2022 жылға арналған қаржыландыру лимиті:	49 893 000, 00 тг.
Ерекшелігі: *156 «Консалтингтік қызметтерге ақы төлеу»*	Орындалған жұмыстың, оның ішінде осы акт бойынша жұмыстардың құны:	
Мердігер: *«ХАҚҚ ҚР-дағы АД» ҚҚ*	а) жылдың басынан:	6 801 000,00 тг
	б) есептік ай бойынша:	3 456 000,00 тг

АННОТАЦИЯЛЫҚ ЕСЕП

2022 жылғы ақпан айына

Мемлекеттік сатып алу туралы 2020 жылғы 25 маусымдағы № 83 шартқа 2022 жылғы 26 қаңтардағы № 3 қосымша келісім бойынша

Әзірлеуші:
«Халықаралық Аралды құтқару қорының
Қазақстан Республикасындағы
Атқарушы дирекциясы» Қоғамдық қоры
Директоры Б.К.Бекниязов

2022 жылғы 22 ақпан

Алматы қ.

«Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы Атқарушы дирекциясы» Қоғамдық қорының «Халықаралық суды бағалау орталығы» филиалының аннотациялық есебі

<u>2022 жылғы ақпан айына</u>

Халықаралық суды бағалау орталығының (*бұдан әрі – ХСБО*) 2022 жылға арналған келісілген Жұмыс жоспарына сәйкес есепті айда мынадай іс-шаралар орындалды.

1. «Төтенше жағдайлар кезінде Сырдария өзенінің ластануының алдын алу және оған ден қою жөніндегі бірлескен шараларды әзірлеу» жобасын орындау

Есепті кезеңде «Төтенше жағдайлар кезінде Сырдария өзенінің ластануының алдын алу және оған ден қою жөніндегі бірлескен шараларды әзірлеу» жобасының ұлттық сарапшылар тобы елдік есептерді дайындау бойынша талдамалық жұмыс жүргізді, оның ішінде Сырдария өзені бассейніндегі қолданыстағы және ықтимал ластану көздері бойынша материалдар жиналды, 1991-2021 жылдар кезеңінде Сырдария өзені бассейніндегі ластаушы заттардың динамикасына талдау жасалды, қалдық қоймаларын түгендеу бойынша материалдар жиналды, қалдық қоймаларының қауіптілік тәуекеліне бағалау жүргізілді, бассейндегі су ресурстарының авариялық ластануына қауіп төндіретін объектілерді картаға түсіру үшін ақпарат дайындалды.

Осы жұмыстың қорытындысы бойынша 2022 жылғы 8 ақпанда жұмыс кеңесі өтті, онда сарапшылар елдік есептердің бірінші компонентінің аралық нәтижелерін талқылады. Кеңеске жағалаудағы төрт елдің ұлттық сарапшылары, Өнеркәсіптік авариялар жөніндегі БҰҰ ЕЭК конвенциясы Хатшылығының және Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияның (*бұдан әрі – Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция*) өкілдері қатысты. Кеңес қорытындысы бойынша даулы мәселелер келісілді, сондай-ақ жобаны орындау үшін одан арғы қадамдар бойынша ұсыныстар әзірленді. Кеңестің күн тәртібі қоса беріледі. *1-қосымша – 2022 жылғы 8 ақпандағы кеңестің күн тәртібі.*

2022 жылғы 25 ақпанда жобаның екінші компоненті бойынша сарапшылардың есептерін тыңдау бойынша жұмыс кеңесін өткізу жоспарлануда. Қазіргі уақытта Сырдария өзені бассейнінде авариялық ластану жағдайында ұлттық деңгейде және жағалаудағы елдер арасында ақпарат алмасудың, ерте ескерту, хабардар ету және ынтымақтастықтың қазіргі тетіктерін шолуды және 1991-2021 жылдар кезеңінде Сырдария өзені бассейнінің ластануын болдырмау жөнінде қабылданған және жоспарланған

шараларды шолуды дайындау бойынша жұмыс жүргізілуде.

2. 2022-2024 жылдарға арналған Жұмыс бағдарламасы бойынша ХСБО-ның жобалық ұсыныстар пакетін жасау және оларды орындауға арналған қаржыландыруды іздеу

ХСБО Жайық трансшекаралық өзенінің бассейні үшін ақпараттық деректер базасын құру жөніндегі жобаны (*бұдан әрі – Жоба*) іске қосу бойынша жұмыс жүргізуде. Атап айтқанда, Қазақстан мен Ресейден су ресурстары жөніндегі ұлттық сарапшы үшін техникалық тапсырмалар дайындалды, қоса берілді. *2-қосымша – Жайық өзенінің ақпараттық деректер базасын құру жөніндегі жоба сарапшылары үшін техникалық тапсырмалары.*

Сондай-ақ егжей-тегжейлі жұмыс жоспары және Жоба сметасы әзірленді. *3-қосымша – Жайық өзенінің ақпараттық деректер базасын әзірлеу жөніндегі жұмыстардың бірінші кезеңінің іс-шараларын орындау жөніндегі жоспары.*

Қазіргі уақытта Жоба материалдарын Еуропадағы қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымымен (ЕҚЫҰ) және ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен (*бұдан әрі – ҚР ЭГТРМ*) келісу бойынша жұмыс жүргізілуде. Алдағы уақытта Ресей Федерациясына сұрау салу жіберу және Ұлттық сарапшылармен келісім-шарттарды іріктеу және жасасу жөніндегі жұмыстарды жүргізу жоспарлануда.

3. Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияның хатшылығымен өзара іс-қимыл жасау, жұмыс органдарының (Бюроның, Су ресурстарын ықпалдастыра басқару жөніндегі жұмыс тобының, Мониторинг және бағалау жөніндегі жұмыс тобының, Су және климат жөніндегі нысаналы топтың, Судың, энергия мен азық-түліктің өзара байланысы жөніндегі нысаналы топтың) отырыстарына және Конвенцияны жүзеге асыру шеңберінде ұйымдастырылатын басқа да іс-шараларға қатысу

3.1 «Авариялық жағдайлар кезінде Сырдария өзенінің ластануының алдын алу және оған ден қою жөніндегі бірлескен шараларды әзірлеу» жобасы шеңберінде Сырдария өзенінің авариялық ластану қаупін төндіретін өнеркәсіптік объектілерді картаға түсіру мәселелері туралы

2022 жылғы 4 ақпанда ХСБО-ның Өнеркәсіптік авариялар жөніндегі БҰҰ ЕЭК конвенциясы және Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция өкілдерімен онлайн жұмыс кездесуі болып өтті. Кездесуде Сырдария өзенінің авариялық ластануының алдын алу және оған ден қою жөніндегі жобаға қатысты, атап айтқанда Сырдария өзенінің бассейнінде авариялық ластану қаупін тудыратын ластану көздерін картаға түсіру үшін ақпарат дайындау туралы мәселелер талқыланды. Кеңес қорытындысы бойынша өнеркәсіптік нысандарды таңдау бойынша бірыңғай үлгі мен критерийлерді әзірлеу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

3.2 Су және денсаулық мәселелері жөніндегі хаттаманың мәселелері туралы

2022 жылғы 10 ақпанда Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция Хатшылығымен Қазақстандағы Су және денсаулық мәселелері жөніндегі хаттама бойынша жұмыстарға ХСБО тарту мүмкіндігін талқылау үшін жұмыс қоңырауы болды. Қорытындысы бойынша ХСБО Қазақстанның Су және денсаулық мәселелері жөніндегі хаттамаға қосылуына сараптамалық қолдау көрсететіні туралы келісімге келді.

4. Қазақстанда Су саясаты бойынша ұлттық диалогты өткізуге қатысу (*ССҰД Ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің отырысын ұйымдастыру, 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспарын орындау*)

ХСБО 2022 жылғы 1-ші тоқсанда жоспарланған Қазақстандағы Су саясаты жөніндегі ұлттық диалогтың Ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің (бұдан әрі – ССҰД) жетінші отырысын өткізуге дайындық туралы мәселе бойынша БҰҰ ЕЭК өкілдерімен жұмыс консультацияларын өткізді. Атап айтқанда, БҰҰ ЕЭК Хатшылығымен 2022 жылғы наурызда ССҰД отырысын өткізу мүмкіндігі туралы алдын ала уағдаластыққа қол жеткізілді. БҰҰ ЕЭК-пен консультацияларда отырыстың алдын ала күн тәртібі әзірленді, қоса беріліп отыр. *4-қосымша – ССҰД жетінші отырысының алдын ала күн тәртібі.*

ХСБО қазіргі уақытта отырысқа материалдар дайындау бойынша жұмыс жүргізуде. ССҰД отырысын өткізу туралы ұсыныс және тиісті материалдар Министрліктің қарауына енгізілетін болады.

5. Трансшекаралық сулар бойынша ынтымақтастықты дамыту мәселелері бойынша, оның ішінде трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияға су және денсаулық проблемалары жөніндегі Хаттама бойынша талдамалық-ақпараттық материалдарды дайындауда Қазақстанның мемлекеттік органдарына жәрдемдесу

Есепті кезеңде ХСБО мынадай талдамалық-ақпараттық материалдарды дайындау бойынша жұмыс жүргізді:

- су ресурстары саласында Еуропалық Одақпен ынтымақтастық бойынша ұсыныстар дайындалды және ҚР ЭГТРМ ДТР электрондық поштасына жіберілді. *5-қосымша – ЕО-мен ынтымақтастық жөніндегі ұсыныстар.*

- Словакия және Венгриямен трансшекаралық су ресурстары саласындағы ынтымақтастық туралы ақпарат дайындалды және ҚР ЭГТРМ ДТР электрондық поштасына жіберілді. *6-қосымша – Словакия мен Венгриямен ынтымақтастық туралы ақпарат*

- ТДМ 6.5.2 көрсеткіші бойынша есептер туралы талдамалық шолу дайындалды және ҚР ЭГТРМ ДТР электрондық поштасына жіберілді. *7-қосымша – ТДМ 6.5.2 көрсеткіші бойынша есептер туралы шолу*

-ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі С.С. Қожаниязовтың тапсырмасы бойынша «Қазақстанның су саласын дамыту перспективалары» тақырыбы бойынша парламенттік тыңдауда сөз сөйлеу жобалары әзірленді, Министрліктің қарауына жіберілді. *8-қосымша – Парламенттік тыңдауларда сөз сөйлеу жобалары.*

6. Басқа да іс-шаралар

6.1. Өнеркәсіптік авариялардың трансшекаралық әсері туралы БҰҰ ЕЭК Конвенциясын жүзеге асыру барысында алынған озық практика мен сабақтар бойынша семинарға қатысу туралы

2022 жылғы 3-4 ақпанда Өнеркәсіптік авариялардың трансшекаралық әсері туралы БҰҰ ЕЭК конвенциясын (*бұдан әрі – Өнеркәсіптік авариялар жөніндегі конвенция*) жүзеге асыру барысында алынған озық практика мен сабақтар бойынша семинар өтті. Семинар БҰҰ ЕЭК-тің екі конвенциясын – Өнеркәсіптік авариялар жөніндегі конвенцияны және Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенцияны орындау шеңберінде аралас форматта ұйымдастырылды.

Семинардың мақсаты Өнеркәсіптік авариялар жөніндегі конвенцияны іске асыру барысында алынған озық практика мен сабақтарды ілгерілету және өнеркәсіптік авариялар жөніндегі БҰҰ ЕЭК Конвенциясының Тараптары мен басқа елдер арасында ақпарат алмасуға жәрдем көрсету болды. Семинарда өнеркәсіптік авариялар жөніндегі конвенцияны іске асыру бойынша проблемалық мәселелер, атап айтқанда, қызметтің қауіпті түрлерін белгілеу және олар туралы хабарлау тәртібі, төтенше жағдайларға дайындықты қамтамасыз ету, төтенше жағдайлар туындаған кезде ден қою және өзара іс-қимыл талқыланды. Семинарға БҰҰ ЕЭК өңірі елдерінің мемлекеттік ведомстволарының өкілдері, өнеркәсіп саласындағы жеке компаниялардың, ғылыми топтардың және халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Семинар қорытындысы бойынша өнеркәсіптік авариялар жөніндегі Конвенцияны жүзеге асыру бойынша ақпарат пен тәжірибе алмасу үшін интерактивті желі құру туралы, сондай-ақ өнеркәсіптік авариялар жөніндегі Конвенцияны жүзеге асырудың тиісті практикасы бойынша БҰҰ ЕЭК басшылығын әзірлеу туралы шешім қабылданды. Семинар туралы толық ақпарат қосымшадағы материалдарға қоса беріледі. *9-қосымша – Өнеркәсіптік авариялар жөніндегі конвенцияның РГО семинары туралы ақпарат.*

Семинарға ХСБО атынан қоғаммен байланыс және әкімшілік ету жөніндегі бас маман Алимусина Арайлым қатысты. Семинарда алынған ақпарат, атап айтқанда, Сырдария өзені бассейнінің жағалаудағы төрт елінен ұлттық сарапшылар тобын тарта отырып, ХСБО қатысуымен БҰҰ ЕЭК орындайтын «Төтенше жағдайлар кезінде Сырдария өзенінің ластануының алдын алу және оған ден қою жөніндегі бірлескен шараларды әзірлеу» жобасында қолданылатын болады.

6.2. Су және санитария саласындағы ТДМ 6 кешенді мониторингі бойынша екінші жаһандық семинарға қатысу туралы

2022 жылғы 8-10 ақпанда «БҰҰ-су ресурстарының» 6 ТДМ және секторараралық ресурстардың кешенді мониторингі бойынша бастамасы

шеңберінде су және санитария саласындағы 6 ОДМ кешенді мониторингі бойынша екінші жаһандық семинар өтті. Семинар жұмысына ТДМ 6 бойынша ұлттық есептерді дайындауға тартылған ұлттық сарапшылар мен кеңесшілер және халықаралық ұйымдар қатысты. Қатысушыларға бүгінгі күні қабылданған күш-жігердің қорытындыларын талқылауға, 6-ТДМ жетудегі прогресс туралы хабарлауға, 6-ТДМ деректерін пайдалану бойынша келесі қадамдарды қарауға және 6-ТДМ бойынша мониторинг және есептілік бойынша болашақ жұмысқа дайындалуға мүмкіндік берілді. Жалпы, семинар әртүрлі деңгейдегі ТДМ 6 көрсеткішіне қол жеткізуді мониторингілеу үшін қажеттіліктер мен басымдықтарды анықтау үшін маңызды алаңға айналды. Семинар туралы толық ақпарат қосымшадағы материалдарға қоса беріледі. *10-қосымша – Су және санитария саласындағы ТДМ 6 кешенді мониторингі бойынша екінші жаһандық семинар туралы ақпарат.*

Семинарға ХСБО атынан қоғаммен байланыс және әкімшілік ету жөніндегі бас маман Алимусина Арайлым қатысты.

7. Қаржыландыру.

Қаңтар айында сұралған жалпы қаржыландыру сомасы **3 456 000** теңге, оның ішінде:

- есептелген еңбекақы төлемі - 2 205 500 теңге

(еңбекақы - *1 990 000*, әлеуметтік салық – *130 000*, әлеуметтік аударымдар – *43 500*, медициналық сақтандыруға аударымдар – *42 000*);

- кеңсені жалға алу - 723 800 теңге;

- қызметтерді жеткізушілерге үшін ақы төлеу – 226 700 теңге;

- үстеме шығыстар – 300 000 теңге - 25.06.2020 ж. № 83 қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қызметтерді басқаруға және ұйымдастыруға жұмсалған «ҚР ХАҚҚ Атқарушы дирекциясы» ҚҚ шығындары.

Қосымшалар:

1) 1 – қосымша-2022 жылғы 8 ақпандағы кеңестің күн тәртібі, 1 б-ке.

2) 2 – қосымша-Жайық өзенінің бірлескен деректер базасын әзірлеу жөніндегі жобаның сарапшыларына арналған арналған техникалық тапсырмалар, 8 б-ке.

3) 3 – қосымша - Жайық өзенінің бірлескен дерекқорын әзірлеу жөніндегі жұмыстардың бірінші кезеңінің іс-шараларын орындау жөніндегі арналған жоспар. 1 б-ке.

4) 4 – қосымша-ССҰД жетінші отырысының алдын ала күн тәртібі, 2 б-ке.

5) 5 - қосымша-ЕО-мен ынтымақтастық жөніндегі ұсыныстар, 1 б-ке

6) 6 – қосымша - Словакия және Венгриямен ынтымақтастық туралы ақпарат, 2 б-ке.

7) 7 - қосымша-ТДМ көрсеткіші бойынша есептер туралы шолу 6.5., 4 б-ке.

8) 8 – қосымша-Парламенттік тыңдауларда сөз сөйлеу жобалары, 18 б-ке.

9) 9 – қосымша - Өнеркәсіптік авариялар бойынша БҰҰ ЕЭК конвенциясының семинары туралы ақпарат, 1 б-ке.

10) 10 - қосымша- Су және санитария саласындағы 6 ТДМ кешенді мониторингі бойынша екінші жаһандық семинар туралы ақпарат, 1 б-ке.

Директор **Б. Бекнияз**